

Астана қаласының аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 26-73/қ қаулысы

"Жер қойнауын және қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымша сәйкес кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия құрамы Астана қаласының мәслихатына бекітуге енгізілсін. **(1-қосымша РҚАО-ға т ү с п е г е н)**

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Астана қаласының аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі комиссия туралы Ереже бекітілсін. **(2-қосымша РҚАО-ға т ү с п е г е н)**

3. "Астана қаласының аумағындағы кең таралған пайдалы қазбаларды жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі комиссия туралы және Жер қойнауын пайдаланудың құқығын алуға инвестициялық бағдарламасының конкурсын ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі № 3-1-1692қ қаулысының және Астана қаласы әкімдігінің жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 26 қазандағы № 26-10-825қ қаулысының күші жойылған деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Қ.Т. Сұлтанбековке жүктелсін.

Әкім *И.Тасмағамбетов*

Әкімнің орынбасары

бөлімінің меңгерушісі

Д.Б. Досқұлов

Қ.Т. Сұлтанбеков

М е м л е к е т т і к - қ ұ қ ы қ т ы қ